


Қысқа мерзімді жоспар

Пәні: Математика	Мектеп: Ақмола облысы, Степногорск қаласы, №2 Ақсу орта мектебі
Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 1С. Сандар және өлшемдер Ортақ тақырып: Өзім туралы ортақ тақырып аясында, шамалар және олардың өлшем бірліктері.	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Бектасова Айнур Булатовна
Сынып: 1	Қатысқандар: -
	Қатыспағандар саны: -
Сабақтың тақырыбы:	Ұзындықты қалай өлшейміз?
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (ОБ сілтеме)	1.1.3.2 өлшем бірліктерді (см, дм/ кг/л/сағ) қолдану арқылы шамаларды өлшеу.
Сабақ мақсаттары	1.Ұзындық өлшем бірліктерін (см,дм) ажырату. 2. Өлшеуіш құралдарын дұрыс таңдай алу. 3.Ұзындықты өлшеу нәтижесін тиісті өлшем бірлігімен жазу. 4.Стандартты емес өлшем бірліктерімен танысу(қарыс,елі,бір уыс,сүйем т.б.)
Бағалау критерийлері	-Заттардың ұзындығын өлшеп үйренеді. -Өлшеуіш құралдарын дұрыс таңдайды. -Ұзындықты өлшеп, нәтижесін тиісті өлшем бірлігімен жазады.
Тілдік мақсат	Пәнге тән лексика мен терминология: өлшеуіш, сантиметр, қарыс,елі,бір уыс,сүйем. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: -Ұзындықты қалай өлшейміз? - Өлшеуіш деген не? - Қандай ұзындықтың өлшем бірліктерді білесің?

Құндылықтарды дарыту	Сын тұрғысынан ойлауға жетелеу.
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану, өзін-өзі тану, қазақ тілі
Алдыңғы меңгерілген білім	Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру, ұзын-қысқа, биік-аласа, ұзындық ұғымдарын біледі.



Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>2 мин.</p> <p>3 мин</p>	<p>(Мк,Ұ) Ширату «Сәлем дос!»</p> <p>Әрбір адам? Туыс, дос жұрағат. Әрбір сабақ? Үйрену, ұғу, ұлағат Әрбір ісің? Шындық, бірлік ,адалдық, Мақсатымыз - білім алу. Міндетіміз - еңбектену Бүгінгі сабағымызды бастаймыз.</p> <p>(Мк, Ұ) Миға шабуыл.</p> <p>Ашық,жабық сұрақтар қою.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ұзындық өлшеу құралдарымен не істейді?  <ul style="list-style-type: none"> - Қалай ойлайсындар қандай құралмен өлшем жүргізуге болады? <i>(сызғыш, метр, рулетка)</i> - Сызғыш, метр, рулетка қандай құралдар? <i>(ұзындық өлшеу құралдары)</i> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Ұзындық өлшеу құралдарын атайды; <p>Топқа бөлу. 1 топ – сызғыш, 2 топ – метр.</p>	<p>АКТ</p> <p>Интер белсенді тақта Суреттер</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>5 мин.</p>	<p><i>(Белсенді оқу үдерісі негізінде және тілдесу арқылы қарым-қатынас жасау дағдыларын арттыру)</i></p> <p>(Мк, Ұ) Бейнежазба көру. «38 тотықұс»</p> <p>мультфильмін көру. Ашық,жабық сұрақтар.</p>	<p>https://www.youtube.com</p>

- Жыланды калай өлшеген екен?
- Ертеде қандай өлшеуіштер пайдаланған?
- Ұзындықты өлшеу үшін қандай құрал ойлап тапқан?

4 мин.

Белсенді оқу. Көрсету және модельдеу. Суретте көрсетілгендей өлшемдерді орында.



Дескриптор:

- Ертеде қандай өлшемдерді пайдаланғаның біледі.
- Ұзындықты өлшеуді орындайды;

Бағалау. «Плюс», «Минус», «Қызықты»

+	-	ҚЫЗЫҚТЫ

4 мин.

(Мк, Ұ) Белсенді оқу әдісі. Оқулықпен жұмыс.

САНТИМЕТР- ұзындықтың өлшем бірлігі.

ӨЛШЕУІШ-заттардың ұзындығын өлшеуге арналған құрал.

арналған құрал.

ҰЗЫНДЫҚ – өлшеуге келетін шама.

Сызғышты анықтап қарап шығындар. Не көріп

[/watch?v=CmgnRUIvXHo](#)

Суреттер

https://www.google.com/url?sa=i&url=https%3A%2F%2Fopilkaurokov.ru%2Fmatematika%2Fprachee%2Fzierttieuzhumysykazakkhalkynynieskiolshiemdierj&psig=AOvVaw21IcAwkcpPnWZxTuArkavf&ust=1633609162322000&source=images&cd=vfe&ved=0CAsQjRxqFwoTCIiAp_2KtvMCFQAAAAAdA AAAABAD

Парақша тарату

Математика оқулығы, 62-63 бет

Сызғыш, Бейне үзінді

тұрсындар? (сызықшалар)



Сызғыштағы сандар арасындағы аралық 1 см кұрайды.

Ұзындықтың өлшем бірлігі- см.

ЕСТЕ САҚТАЙ		
	Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігінің белгіленуі
Ұзындық	сантиметр	см

(Т): Саралау, диалог әдісі.

5 мин.

1-тапсырма: 1 топ: Сызғышпен қарындаш пен қаламның ұзындығын салыстыру, өлшем бірлігін жаз.



2 топ: Метрді пайдаланып парта мен есікті өлшеу, дәптерге жазу.



Дескриптор:

-Қалам мен қарындаштың, есік пен партаның ұзындығын табады;

4 мин.

(Т) 2-тапсырма: Кесте толтыру.

1)Сызғыштың көмегімен берілген заттарды өлшеу.

Нәтижесін парақшаға жазып ал. Көрші топ нәтижесімен салыстыр.

Заттар	Ұзындығы
Дәптер см

көрсету - <https://www.youtube.com/watch?v=szvf5IknNls>

Парақшалар тарату

Кітап см
Ұштағыш см

3 мин.

2) (Ж) «Анықта, өлше, жаз».

Сантиметр өлшем бірлігін пайдаланып сызғыштың көмегімен өз қолыңның ортаңғы саусағын өлше, нәтижесін см кестеге жаз, көршіңнің нәтижесімен салыстыр.

Кесте
толтыру

Өлшем бірлік см	Нәтижесі
Бексұлтан	5см
Минура	4см

Дескриптор:

- Әр заттың ұзындық өлшем бірлігін тауып жазады;
- Ортаңғы саусағын өлшейді;
- Жұбымен салыстырып, кестені толтырады.

Бағалау. «Бас бармақ тәсілі»

4мин

(Мк, Ұ) **Логикалық тапсырма.**

Қызыл жіп көк жіптен ұзын, көк жіп жасыл жіптен ұзын. Қай жіп ұзын: жасыл ма, қызыл ма, көк пе?

Жіптер	Өлшем
Қызыл	ұзын
Көк	...
Жасыл	...

4 мин

(Т) **Зерттеу.** Кейіпкерлердің бойын анықтау.

- Берілген кейіпкерлердің бойы қандай болу мүмкін? (тапсырма барысында сыни ойлау, зерттеу, қарым-қатынас дағдылары қалыптасады.)





Суреттер
интернет
желісінен
алынған

Дескриптор:

-Суретте берілген кейіпкерлердің бойын анықтай алады.

Бағалау. «Бағдаршам» тәсілі.



Сабақтың соңы

2 мин.

(Ж) Тапсырма. Ұл баланың бойы неше өлшеуішке тең? Сана.



Математика
оқулығы, 62
бет.

3 мин.

«Бес сұрақ» әдісін пайдалану арқылы сабақты бекіту.

-Заттардың ұзындығын өлшеуге арналған құрал қалай аталады?

-Қандай ұзындықтың өлшем бірліктерді білесің?

-Ұзындықты өлшеу үшін қандай құралдарды пайдаланамыз?

- Өлшем бірлікті қысқаша қалай жазамыз?

- Дәптердің, кітаптың ұзындығын немен өлшейміз?

3 мин.

Кері байланыс

- Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?
- Сабақтан не үйрендіңдер?
- Саған не ерекше қызықты болды?

Сұрақтарын пайдаланып тақтада ілулі тұрған күннің сәулелеріне сабақ ұнады деген оқушылар жоғары көтерілген бармақ смайлдарды жапсырады. Сабақ қызықсыз өтті деген ойдағы балалар қабағы түйілген смайлдарды бұлтқа жапсырады.



Қараңдаршы бүгінгі сабақтан керемет көңіл көтерілерліктей әсер алдық, күн де бізге күлімсіреп риза болды, ал Ермек кішкене түсінбей қалыпты Ермекпен қосымша тағы жұмыс жасаймыз, себебі оның көңілі түсіп жабырқаулы.

Ендеше бүгінгі сабағымыздағы еңбектеріңді осындай риза болып күліп тұрған күнге қарап айтуға болады. – деп сабақтан алған бағаларын айтып аяқтаймын.